

## Объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 363 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 27 наурыздағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3            ж ы л ғ ы            1 6            с ә у і р д е г і

N            3 6 3            қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейі объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалуына қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейі деп объектілер мен аумақтардың объектінің персоналын, халықты және материалдық құндылықтарды қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсері жағдайында қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге қабілеттілігі (мүмкіндігі) ұғынылуы тиіс.

## 2. Объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалуын қамтамасыз ету жөнінде жүргізілетін іс-шаралар

3. Объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды орталық және жергілікті атқарушы органдар және ұйымдар жүргізеді.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

4. Объектілер мен аумақтардың төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейі қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар осы мақсатта шешілетін міндеттерді негізге ала отырып, мыналарды қарауды қажет етеді:

1) объектілер мен аумақтардың персоналын және халқын қорғау мыналарды көздейді:

қорғану баспаналарымен қамтамасыз етілу;  
жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілу;  
эвакуациялық іс-шаралар;  
төтенше жағдайлар кезінде іс-қимыл жасауға оқып-үйрету;  
мүлікпен құрал-жабдықпен және жарақпен қамтамасыз етілу;  
объектілер мен аумақтардың материалдық-техникалық қорлармен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ персонал мен халықты қорғауға жәрдемдесетін басқа да іс-шаралар;

2) өндіріс құралдарын, объектілер мен аумақтарды қорғау мыналарды көздейді:

өндірісті авариясыз тоқтату;  
құтқару құралдарының болуы;  
негізгі өндіріс құралдарын қауіпсіз орындарға эвакуациялау;

3) төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігін болдырмау немесе азайту мыналарды көздейді:

әсері күшті улы, өрт-жарылу қаупі бар заттардың деңгейін төмендету;  
ғимараттар мен құрылыстардың құрастырмалық элементтерін, тоспаларды, бөгеттерді, өзендердің арналарын, су қоймаларын нығайту және материалдық құндылықтарды қорғауға ықпал ететін басқа да іс-шаралар;

4) тұрақты басқару және жабдықтау жүйесін құру және бұзылған өндірісті қалпына келтіруге әзірлік мыналарды көздейді:

объектінің тоқтап қалуын болдырмау үшін отынның әр түрінің: газдың, мұнайдың, көмірдің, жағармай материалдарының қорлары жасалуы, сондай-ақ жинақтаушы және буып-түю бұйымдарын дайындауға арналған материалдардың, шикізаттың резервтері, сала шегінде қорлар маневрі ұйымдары құрылуы тиіс. Барлық материалдардың қоры, мүмкіндігінше, олар неғұрлым аз зақымданатын

жерлерде жинақталып сақталуы тиіс;

объекті мен аумақтың қалпына келтіру жұмыстарын орындауға әзірлігі қолда бар объекті мен аумақты қалпына келтіру жоспарымен, қалпына келтіру жұмыстарының толығымен адам ресурстарымен қамтамасыз етілуімен, қолда бар материалдық-техникалық құралдар қорымен, қолда бар құтқару жабдықтарымен және техникамен, құрамалар мен персоналдың құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар жүргізуге әзірлігімен айқындалады, бұл ретте, жоспарлар баяндалуы бойынша шектеулі қысқа, экономикалық орынды және объектілер мен аумақтардың нақты мүмкіндіктерін көрсетуі, төтенше жағдай жөніндегі аумақтық органдармен келісім бойынша тиісті басшылар әзірлеуі және бекітуі тиіс, жоспарлардың мазмұны адам шығыны мен материалдық шығынды барынша азайтуға және объектілер мен аумақтардың тіршілік қызметін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс;

төтенше жағдайлар жағдайында объекті мен аумақтың қызметін сенімді басқаруға әзірлік басқару пункттері мен байланыс құралдарының болуымен, сапасымен және әзірлігімен, олардың қосарлануымен, сондай-ақ сырқаттануы, жарақаттануы немесе қаза болуы салдарынан объекті мен аумақтың басшы құрамының жүктелген міндеттерді орындау мүмкіндігі болмаған кезде, олардың орнын басу тәртібін әзірлеумен белгіленеді.

5. Объектілер мен аумақтардың табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғалу деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.